



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

ЕЛ ТІЛЕГІ

№28 (884) Сәрсенбі 10 шілде 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖАҢА ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойнанып, лотерея қызметі, денсаулық сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Заң арқылы халықтың ойынға тәуелділігін төмендетуге бағытталған шектеуші және ынталандырушы нормалар енгізіледі. Атап айтқанда, құмар ойындарға/бас тігуге қатысуына тыйым салынатын адамдар санатының тізімі кеңейтілді. Енді олардың қатарына Борышкерлердің бірінші тізімінде тұрған тұлғалар (атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлер туралы мәліметтерді қамтитын электрондық деректер банкі) қосылды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеу енгізу арқылы жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың құмар ойындарға/бас тігуге қатысуына шектеу қойылады.

Бұдан былай мемлекеттік қызметшілер, әскери қызметшілер, арнайы және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, бюджеттік ұйымдардың басшылары құмар ойындарға /бас тігуге қатыса алмайды. Бұл шектеуді сақтамағаны үшін оларды жұмыстан шығару шарасы қарастырылған. Ойын бизнесін ұйымдастырушылардың қызметін реттеу тетіктері күшейтілді. Туризм және спорт министрлігі ойын мекемесінің, букмекерлік кеңсесінің, тотализатордың, ставкаларды қабылдау және құмар ойындардың бас тігудің бірінші ережелерін бекітеді. Букмекерлік кеңселер

мен тотализаторлардың жарнамаларына шектеу қойылды. Атап айтқанда, букмекерлік кеңселер мен тотализаторларды сыртқы (көрнекі) жарнамасына, сондай-ақ олардың қызметін көлік құралдарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, кино -, видео-және анықтамалық қызмет көрсету орындарында жарнамалауға тыйым салынады.

Тек букмекерлік кеңсе немесе тотализатор орналасқан жердегі сыртқы жарнамаға; спорт ғимараттарының ішінде және спортшылардың киімінде; спорттық тақырыпқа маманданған және ресми тіркелген БАҚ-та, сондай-ақ отандық телеарналар халықаралық спорттық жарыстарды тікелей трансляция жасаған кезде жарнамалауға рұқсат етіледі.

Сонымен қатар лотерея қызметін реттеу тетіктері жаңартылды. Нақтырақ айтқанда, тұрғын үйлерде, жатақханаларда, ғибадат үйлерінде, мәдениет ұйымдарының ғимараттары мен құрылыстарында, әлеуметтік объектілерде (білім беру, денсаулық сақтау), сондай-ақ олардан жүз метр қашықтықтағы радиуста лотерея билеттерін таратуға және лотерея терминалдарын орнатуға тыйым салынады. Өскемендегі денсаулық энергетикалық суындардың зиянды салдарынан қорғау үшін мұндай суындарды 21 жасқа дейінгі адамдарға сатуға тыйым салынады.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2500 теңге;

«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

6 айға – 2850 теңге.

**БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА
КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекеменіңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8(7242) 27-85-75; 8-7059827661;
8-7716933181.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ

Қызылордада Ұлттық домбыра күнінде «Домбыра – халық мұрасы» фестивалі өтті. Жанарған Орталық алаңдағы тағылымды іс-шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Ерғешбаев, ардагерлер, облыстық қоғамдық кеңес мүшелері, зиялы қауым, азаматтық қоғам өкілдері мен белсенді жастар қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жерлері мерекеленіп, құттықтап, әр қазақтың асыл қазынасы - домбыраның қасиетті Сыр елі үшін ерекше маңызын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде «Азаматтарымыздың рухы әрқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, яғни руханиятымызға баса мән бергеніміз жөн» деген болатын. Биыл «Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірінде «Руханият жылы» жарияланды. Мерейлі жыл аясында тек

мәдени-көпшілік шаралар ғана емес, ауқымды жобалар жүзеге асырылады. Наурыз мерекесінде 1000 орындық «Өнер» орталығы пайдалануға берілді. Қызылорда қаласының сол жағалауынан облыстық тарихи-өлкетану музейі ғимаратының құрылысы басталды. Жыл соңына дейін Сыр өңірінің жазба мәдениетін насихаттайтын «Алаш әдебиеті» музейі ашылады. Барлық 7 ауданда музей, кітапхана, архив, неке кино залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтарын біріктіретін, типтік үлгідегі «Руханият» орталықтары

салынууда. Облыс орталығында «Шығармашылық академиясы», 2 ауданда Оқушылар үйі мен Өнер мектептерінің құрылысы жүруде. «Саутс ойл» компаниясының демешілігімен мәдени мұраның, ұлттық өнердің кемелденуіне өзіндік үлесін қосқан Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің жаңа ғимараты салынууда. Былтырдан бері қасиетті мекеннің абыройын асырып, бақ-беделін сақтауға үлес қосып жүрген мәдениет және өнер, әдебиет өкілдеріне облыс әкімінің «Тұран» арнайы сыйлығын табыстауды бастады. Аудандардағы өнер ұжымдарына 100 домбыра тарту етілді. Мемлекет басшысының «Адал азамат» тұжырымдамасы аясында республикада алғашқы болып 171 мәдениет үйі мен клубтарда 7 бағыт бойынша «Адал адам – мәдени-тәрбие беру орталығы» жобасы іске асырылууда», - деді

аймақ басшысы.

Мерекелік кеште Базардың термесі, Жиенбайдың жыр бастауы, «Жез киік», «Терісқақпай», «Сарыарқа» секілді туындылар орындалды.

Айта кетейік, облыстағы мәдениет үйлері мен клубтарда 100-ден аса жыр-терме, домбыра үйірмесі жұмыс жасап, оларда 1000-нан астам балалар мен жасөспірімдер дәстүрлі өнерге тәрбиеленуде. Облыс көлемінде ұлт аспаптар оркестрлері, фольклорлық ансамбльдер және этно-топтар халыққа рухани-мәдени қызмет көрсетіп келеді. Кешелі бері Сыр аспанын дала дауылпазы - домбыра үніне толтырған «Сыр толқыны» республикалық күйшілер байқауы ұлт өнерін тағы бір биікке көтере түсті.

Өңірде айтыс өнері мен жыраралық дәстүр көші әлі күнге үзілген жоқ. Кеңестік дәуірде айтыстың ақтангері атанған жерлесіміз Манан Көкеновке «Қазақстанның халық ақыны» құрметті атағы беріліп, тәуелсіздік жылдарында Мұхтар Ниязов «Алтын домбыраны» үш мәрте жеңіп алып, Сыр жеріндегі айтыстың бүгінгі мерейін асырды. Қорқыт бабадан бастау алған жәдігер өнерді жалғастырушы Сыр сұлейлерінің әрқайсысы бүгінде дәстүрлі жырыштық пен термешіліктің бір-бір мектебіне айналды. Ұлт қазынасын сақтап, әрі қарай дамыту мақсатында былл Сыр мәдениетінің алтын тамыры саналған жыраралық дәстүр өкілдері үшін «Жыраулар үйі» ашылды. Бұл шаңырақ бабалар мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жалғап, ұлттық брендіміз - жыраралық өнерді насихаттауға арналған бірден-бір рухани орынға айналуда.



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДАН 1 СЫНЫПҚА ҚАБЫЛДАУҒА 270 МЫҢНАН АСТАМ ӨТІНІМ ТҮСТІ

1-сыныпқа өтінімдер қабылдау 2024 жылғы 31 тамызға дейін жалғасады, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.

Бүгінге дейін 275177 өтінім келіп түсті. Бірінші сыныпқа оқушыларды қабылдау бойынша Ақмола, Алматы, Жетісу, Павлодар облыстары 100 пайыз көрсеткішке қол жеткізген. Алдың ала болжам бойынша, 2024 жылдың 31-желтоқсанына дейін 6 жасқа толатын балалар саны 370 мыңнан асады, осылайша олардың бірінші сыныпқа баруға толық мүмкіндігі бар. Азаматтарға қолайлы болу үшін қызмет көрсету толығымен автоматтандырылды. Ата-аналар мен балалардың заңды өкілдері өз өтінімдерін egov.kz электронды порталында, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері арқылы тапсыра алады.

Бірінші сыныпқа балалар 6 жастан бастап ата-анасының



немесе баланың заңды өкілінің өтініші негізінде қабылданады. Өтінімдер демалыс пен мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін қабылданады.

ТИІСТІ ТАПСЫРМАЛАР БЕРІЛДІ

Соңғы 6 айдың қорытындысы бойынша жол-көлік оқиғаларының динамикасы 60%-ға өскен. Қозғалыс ережелерінің қандай да бір талаптарын сақтамағандықтан орын алып жатады.

Жол қозғалысы оқиғаларының сандары мен фактілерінде көптеген адамдардың өмірі, тағдыры және денсаулығы тұрады. Бұл мәселені шешудің ең негізгі мәні жас жаяу жүргіншілер – балаларды жол қозғалысы ережелеріне дұрыс дайындау және үйрету. Жол-көлік оқиғасын алдын-алу мақсатында салаға жауапты мамандардың қатысуымен жылы болып өтті.

Келелі кеңесте облыс әкімінің орынбасары Ардак Зебешев облыстық полиция департаментіне, қала аудан әкімдіктерімен бірлесіп ай сайынғы негізде жол-көлік оқиғаларын төмендету, оның ішінде қаза тапқандар мен

ШӘКІРТАҚЫ КӨБЕЙДІ

1 қыркүйектен бастап колледждер мен ЖОО студенттеріне төленетін шәкіртақы мөлшері артады. Тіісті қаулыға Үкімет басшысы Олжас Бектенов қол қойды.

Колледж студенттері үшін шәкіртақы 50%-ға артып, жұмысшы мамандықтары бойынша 43574, орта буын мамандары үшін 41896 теңге болады. Бакалавриат студенттерінің стипендиясы 20%-ға артып, 47135 теңгеге, ал педагогика және медицина бағыттарындағы білім алушылардың стипендиясы 75600 теңгеге ұлғаяды. Интернатұрада оқытқындарға стипендия – 85376, ал резидентұрада білім алушылар үшін 123122 теңге көлемінде шәкіртақы төленеді. Магистранттар мен докторанттарға стипендия 15%-ға ұлғайтылады. Оның мөлшері тиісінше 107061 және 240000 теңгені құрайды.

Айта кетейік, Президент тапсырмасы аясында 2020 жылдан бастап шәкіртақы мөлшерін арттыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатыр. Соның нәтижесінде 2025 жылға қарай ЖОО мен колледж студенттерінің шәкіртақысы екі есе, магистранттар мен докторанттардың шәкіртақысы 1,75 есе өседі деп болжанып отыр.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ТІРКЕЛДІ

Қызылорда қаласында 1-6 шілде аралығында отбасы жанжалына байланысты 4 қылмыстық іс тіркелді. Облыс орталығында шілде айының 1-6 аралығында Қызылорда қалалық полиция басқармасының 102 арнасына 59 отбасы жанжалына байланысты хабарлама келіп түскен.

«Аталған хабарламалар бойынша ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-бабының талабына сәйкес 55 құқық бұзушыға әкімшілік шара қолданы үшін сотқа жолданды. Сондай-ақ ҚР Қылмыстық кодексінің 108-1 бабымен (денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру дерегі) – 2, 109-1 бабымен (ұрып-соғу дерегі бойынша) – 2 қылмыстық іс тіркелді. Олар бойынша сотқа дейінгі-тергеу тексеру жұмыстары жүргізілуде», – деп мәлім етті Қызылорда қалалық Полиция басқармасынан.

ЕКІ ПОЛИЦЕЙ ҰСТАЛДЫ

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті Қармақшы аудандық полиция бөлімінің екі қызметкерін ұстады.

Департамент мамандары 19 маусымда сыбайлас жемқорлық қылмыс жасау дерегі бойынша аудандық полиция бөлімі миграция қызметінің маманы Т.Н мен полицияның учаскелік инспекторы Ж.К.-ні қолға түсірді. 21 маусымда тергеу соты күдіктілерге қаптысты үй қамағына алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция берген.

«Қазіргі уақытта қылмыстық іс Қармақшы аудандық сотының қарауына ұсынылған. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 201-бабының талаптарына сәйкес өзге де деректер жария етуге жатпайды», – деп мәлім етті Қызылорда облыстық прокуратурасынан.

Еске салсақ, бұдан бұрын Қызылорда облысында прокуратура қалған дипломмен қызмет атқарған 9 «мұғалымды» анықтады.



«ҚОРҚЫТ АТА» МЕМОРИАЛДЫ АПЛЕЯСЫ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Қала әкімі Серік Салауатұлы Б.Шоқенов атындағы саябақтың көріктендіру жұмыстарын көрді. Қала тұрғындары үшін табиғат аясында тынығуға мол мүмкіндік сыйлаған саябақтың эстетикалық күйі де қалыпқа келтірілуде.

«Саябақтағы санитарлық тазалық шаралары жыл бойы жүргізілуі тиіс. Бұл жұмыстарды босаңсытуға болмайды,» – деді Серік Салауатұлы сала басшыларына. Мұндағы жасыл-желекті күтіп, балақтау, уақытылы аяқ су беру күнделікті атқарылуы қажет. Ашығын айту керек, аталған парктегі жерасты су ұңғымасында уақытша орын алған ақауға байланысты аяқ су кеш берілді, салдарынан талдарға күтім жасалмады. Мәселеге орай, «Жасыл Қызылорда» мекемесіне «Сарырама» каналы арқылы судың бағытын бұрып, биік жерлерге мотопомпаларды пайдалану тапсырылды.

«Қорқыт ата» мемориалды аллеясы қаладағы демалыс орындарының бірі болса да, мақсатты пайдаланылмай келеді. Яғни, көпшілік кең көлемде тыныға бермейді. Себебі – саябақтың бүгінгі күйі халықты баурайтындай жағдайда болмай тұр. Осыған

орай, сәулетшілердің ұсынған заманауи дизайнмен жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. Бұл игі бастаманы жақын күндері бастау жоспарға енгізілген.

«Аймақ басшысының тегеурінді талабымен, кәсіпкердің демеушілігімен жақында Орталық алаң қайта жаңғырып, ел игілігіне берілді. Қандай керемет, халықтың өмір сүру сапасын арттыру жолындағы маңызды қадам деп атасақ жарасымды. Бұл жердегі бір этеген-айы, демалыс орындарын тиімді, сапалы, мәдениетті пайдалана алмауымыздан бөлек тұр. Қарасаңыз, бас-аяғы башар-ошар секілді бей-берекет дүние қаптап кетті. Біз мұндай берекесіздікке жол бермейміз. Демалыс аймағында халық еркін демалуы керек. Өз кезегінде «Қорқыт ата» мемориалды аллеясын да орталық алаң секілді қала халқының сүйікті орнына айналдыратын боламыз,» – деді Серік Салауатұлы.

БАЙМҰРАТ БАТЫР АУЫЛЫНА ГАЗ ЖЕЛІЛЕРІН ТАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛАДЫ

Қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Жеңісбек Файзуллаев брифинг берді.

– Бүгінгі таңда Қызылорда қаласында халықты баспанамен қамту көрсеткіші артып келеді. Өткен жылы тұрғын үй құрылысын дамыту мақсатында өңірімізде алғаш рет Сол жағалау тұрғын ауданынан 504 пәтерді құрайтын 7 қабатты 6 тұрғын үйдің құрылысы басталған болатын. Қазіргі таңда негізгі құрылыс жұмыстары аяқталып, абаттандыру, сыртқы және ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, Сол жағалаудан 470 пәтерді құрайтын 10 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталды, бүгінде абаттандыру жұмыстары жалғасуда. Жоспардың бірі, 84 пәтерлі жеті қабатты 10 тұрғын үйдің құрылыс жұмыстарын жүргізуге жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Бұдан бөлек, жыл соңына дейін мыңнан аса пәтердің құрылысын аяқтап, пайдалануға берілетін болады, – деді Жеңісбек Исламұлы.

«Инженерлік инфрақұрылымды дамыту» бағдарламасы аясында Арай мөлтек ауданында Мәуелі көшесіне ауыз су желісі құрылысы, «Бәйтерек» ықшам ауданындағы тұрғын үйлерді

газбен жабдықтау және сумен жабдықтау желілерінің құрылысы, Жас Алаш және Теректі, Сарысу көшелеріне электрмен жабдықтау құрылысы және Сарысу көшесіне ауыз су құрылысы жүргізілуде. Бұдан бөлек, Белкөл кентіндегі Жеруық, Сарыарқа, Бірлік көшелеріне электр желісі жүргізілсе, Қызылжарма аумағындағы 1,2,3 ауданында (35 көшеге) 38,25 км тас төселді.

«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде Қызылжарма, Ақсуат, Досан, Қараөзек ауылы, Қараөзек бекеті, Айнакөл ауылдарындағы тозығы жеткен электр желісі қайта жаңғыртылып, жаңадан қоныстанушы аумақтарға жаңадан электр желісі жүргізілетін болады.

«Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы негізінде қаланың орталық бөлігінің көріз желілері қайта жаңғыртылады. Универсам, Шымбай аумағында сумен жабдықтау және су бұру желісін қайта жаңғырту жобасы аяқталатын болады. Орталық бөлігінің көріз желілерін қайта жаңғырту жобасы аясында 6,9 км көріз желісі жаңғыртылады. Майлықұм көшесінің бойымен



ауыз су желісінің 3,88 шақырым құрылысы жүргізіледі. Сондай-ақ, құрылысы 2023 жылы басталған «Қызылорда қаласында ағын суларды тазарту қуаты тәулігіне 70,0 мың м3 биологиялық тазарту станциясын жаңарту және автоматтандыру» жобасы аяқталады. Нәтижесінде Титов тұрғын ауданындағы жағымсыз иіс азаятын болады.

КБИ ауданында Жаппасбай батыр көшесіне, Әуезов көшесіне және Арай ш/а көтергіш сорғы

станциялары салынатын болады.

Келесі, ауқымды жобаның бірі – Сабалақ елді мекені мен Баймұрат батыр ауылына газ желілерін тарту жұмыстары басталатын болады. «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бағдарламасы шеңберінде Қызылөзек ауылдық округінің 3 елді мекенінде газ құбырын және квартилшілік газ тарату желілерін салу жұмысының жоба сметалық құжаттарын әзірлеу жұмыстары бастау алатын болады.

КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Партияның қалалық филиалының Саяси кеңес және Саяси кеңес Бюросының бірлескен отырысы өтті.

Жиынның күн тәртібінде Қызылорда қаласына қарасты ауылдық округтерде атқарылған жұмыстар талқыланды. Отырысқа партияның қалалық филиалының Төрағасы Ибадулла Құттықожаев, партияның қалалық филиалының Атқарушы хатшысы Гүлшат Мұсаева, Саяси кеңес және Саяси кеңес Бюросының мүшелері, фракция мүшелері, ауыл әкімдері

қатысты. Бірлескен отырыста Қарауылтөбе, Ақжарма ауылдық округінің және Белкөл кентінің көпірі елді мекенде атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Жалпы, партияның Сайлауалды бағдарламасы аясында аталған елді мекендерде бірқатар шаралар жүзеге асқан болатын. Атап айтқанда, Қарауылтөбе ауылдық округінде

өткен жылы 150 орындық ауылдық клуб ел игілігіне табысталды. Ал Белкөл кентінде тұрғындардың сұранысы бойынша темір жол үстінен өтетін жаяу жүргішілер көпірі пайдалануға берілді. Сонымен қатар, Сайлауалды бағдарлама аясында Ақжарма ауылдық округінің көгілдір отына қосу мәселесі де алдағы жылдарға жоспарланған.

Басқосуда ауыл әкімдері елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық өсу қарқыны мен білім, денсаулық, қоғамдық ахуал

және әлеуметтік инфрақұрылым мәселелерінің іске асуын баяндады.

Саяси кеңес пен Саяси кеңес Бюросы мүшелері тарапынан жергілікті билік өкілдеріне балалардың уақытын тиімді пайдалану, жаз мезгіліндегі санитарлық тазалық, Конго-Қырым геоморфологиялық қызбасының алынатын алу шаралар және білім, жұмыспен қамту салалары бойынша тиісті ұсыныстар жолданып, талқыланды.

26 ЖАҢА КӨЛІК ТАБЫСТАЛДЫ

Биыл 10 шілде – Ветеринария қызметкерлері күні алғаш рет аталып өтуде. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ветеринария ұйымдарына жаңа қызметтік автокөліктердің кітін табыстау рәсіміне қатысып, сала қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтады.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқына Жолдауында «Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Бұл, түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей әсер етеді», – деген болатын. Мемлекетіміз ветеринария саласын жетілдіруге аса үлкен мән бергенінің арқасында салада серпінді жұмыстар қолға алынды. Биыл 14 түрлі аса қауіпті жұқпалы ауруға қарсы ветеринариялық дәрі-дәрмек

облысқа жеткізіліп, төрт түлік уақытылы алдын ала егілді. Сапалы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымы облысымызға ауыл ауруынан таза аймақ мәртебесін берді. Бұл мал өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыруға оң септігін тигізеді. Облыста соңғы жылдары аса қауіпті аурулар тіркелген жоқ, эпизоотиялық тұрақтылық сақталуда. Бұл – сала мамандарының тынымсыз еңбегінің жемісі», – деді аймақ басшысы.

Рәсімде қалалық, аудандық

ветеринариялық станцияларға 26 жаңа автокөліктің кілті табысталды. Қоғам қайраткері Бекмырза Еламанов ветеринарларды мерекемен құттықтап, ізгі тілегін арнады. Үздік қызметкерлер ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің, облыс әкімінің Алғыс хатымен және сала ардагерлері Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Айта кетейік, өңірдің ветеринария саласында 780 маман қызмет етеді. Екі жыл бұрын олардың жалақысы 60 мың теңге болатын, жыл сайын қаңтар, шілде, желтоқсан айларында ақысыз еңбек демалысына жіберілетін.

Салада мамандарды тұрақтандыру үшін 2022 жылы жергілікті бюджеттен 724 млн

теңге бөлініп, қызметкерлер жалақысы 40 пайызға өсті. Мемлекет басшысының зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін мамандардың еңбекқабасын көтеру жөніндегі тапсырмасына сәйкес 2022-2024 жылдары бюджеттен қосымша 1 млрд 634 млн теңге бөлініп, ветеринарлар жалақысы тағы 50 пайызға көбейді. Мекемелердің материалдық-техникалық базасын жаңартуға екі жылда облыстық бюджеттен 300 млн теңгеге жуық қаржы бөлініп, қызметтік автокөліктер мен құрал-жабдық алынды.

Соңғы жылдары өңірде барлық саланың материалдық-техникалық базасын нығайтуға басымдық берілуде. Қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешу үшін 300 автобус, мектеп оқушыларына 30 автобус, денсаулық сақтау саласына 120 жедел жәрдем көлігі, орманшыларға 95 техника алынды.

«Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсының жеңімпаздарына күнделікті тұрмысқа ең қажетті заманауи үлгідегі 29 арнайы техника берілсе, биыл 19 техника дайындалуда. Оған қоса «Қызылорда электр тарату тораптары» мекемесіне 24, «Қызылорда тазалығы» мекемесіне 20 техника пайдалануға берілді.

Биыл жыл соңына дейін денсаулық сақтау ұйымдарына 150 жедел жәрдем көлігі, коммуналдық мекемелерге 15, абаттандыру мекемелеріне 67 арнайы техника сатып алынады. Еске салсақ, ветеринарларға өткен жылы да 30 қызметтік автокөлік берілген болатын.



ПРЕЗИДЕНТ ПАРКІНЕН ДЕНСАУЛЫҚ САЯБАҒЫНА ДЕЙІНГІ АРАЛЫҚ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

ҚР Тұңғыш Президент саябағы қазір халықтың қарасы үзілмейтін, отбасылық демалыс орны. Жасыл желекке оранған саябақта тынығушылар саны күн санап артып келеді.

Шағын мерейтойларды атап өтудің де мүмкіндігі мол. Бір өкініштісі, қоршаған ортаға саналы көзқарасты қалыптастыруда және туған жердің тазалығын сақтау, табиғатын қорғауда әлі де бейқамдық бар.

Осы жайларды ескерген қала әкімі саябақ көлемін кеңейту, ішкі тәртіп пен тазалықты сақтау мәселелерін жолға қоюды алға тартты.

«Елге деп салынған әрбір нысан өз мақсатында жұмыс істеуі керек. Саябақты заманауи саябақ келбетінде көргенге не жетсін!? Сол үшін ешқандай қажеттілік пен мұқтаждық туындауы тиіс емес. Әрлеу

керек пе, әрлейміз, абаттандыру десеніз, оны да жасаймыз. Сонда ғана халық сұранысындағы демалыс мүмкіндігін сыйлай аламыз. Бұл жұмыстардың атқарылуына аймақ басшысы жан-жақты қолдау жасап отыр,» – деді шаһар басшысы Серік Салауатұлы.

Президент паркінен денсаулық саябағына дейінгі аралық толық қамтылған, жан-жағында автокөліктер тұрағы бар, гүлзарлармен көмкерілген көркем келбет қалыптастырамыз. Оған мүмкіндік жеткілікті. Алдағы уақытта әрбір нысан зерттеле отырып, халықтың сұранасына сай тиісті үдеден шығуға жұмыс жасалады.

ҚАҒАЗСЫЗ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ

Сот кабинеті Қазақстанның сот орындарының электрондық сервисіне қол жеткізуге арналған бірінші терезе.

Сот кабинеті – сот құрылымында қолға алынған заманауи технологиялардың бірі. Сот ісін жүргізу процесінде ақпараттық технологиялар енгізу туралы міндеттерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

«Сот кабинеті» электронды форматын әзірледі. Электронды формат ең алдымен халыққа сот жүйесінің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жасалып отыр.

«Сот кабинеті» сервисі сот орындарына арыздарды, өтініштерді, шағымдар мен өтініш хаттарды, сондай – ақ хаттарды жіберуге арналған. Ол үшін сотқа жүгуінуші тұлғалардың тұлға өкілі алдыңғы кезекте ХҚКО-дан (халыққа қызмет көрсету орталығы) өзіне

электрондық цифрлық қолтаңба алуы қажет.

«Сот кабинеті» порталына кіру рәсімінен өткеннен кейін, арыз беруші электрондық талап беру электрондық қызмет көрсетудің ішінен өзіне керек бөлігін оңай таңдай алады. «Сот кабинеті» сервисі – қағазсыз электрондық құжат айналымы. Осы сервис арқылы сот құжаттарын және істерді іздеуге, мемлекеттік бажды онлайн түрде төлеуге, істі қарау барысын қадағалауға болады.

«Менің хаттарым» бөлігінде сотқа жолданған талап бойынша арадағы хат алмасуларды көру мүмкіндігі қарастырылған. «Менің істерім» деген бөлімде пайдаланушы жіберген электрондық арыздар туралы ақпаратты қарау және істі қарау барысының мүмкіндігі жеңілдетілген.

Жалпы қазіргі заманғы бұл жаңа технологияны сот жүйесіне енгізу мен оны халыққа кеңінен түсіндіру арқылы қолдану соттағы іс жүргізуді жеңілдетіп,

бюрократтық кедергілерді жойды, сотқа құжат тапсырушылардың ұзақ кезекке тұруын азайтты. Бұл сервис әдейі ақпараттық уақыттыңнызды үнемдеп, тез арада жұмыстарыңызды бітіруге көмектін тигізеді. Ол бұл күні сот жүйесіндегі үлкен жетістіктердің бірі болып саналады.

С.ҚОЖАБАЕВ,
Қармақшы аудандық соты
әкімінің бас маман – от
отырысының хатшысы

Мен алпысыншы жылдардың басында әскери борышымды Литвада Каунас қаласының жанындағы стратегиялық-ракеталық бөлімде атқардым. Оның шақырым қашықтықтағы қарсыластар нысандарын 35-40 минуттың ішінде тасталқан қылатын қаһарлы қаруды игеру оңайға соққан жоқ. Бірақ кешегі елін ортақ жаудан қорғаған, қан төккен жеңіс солдаттың балалары бұл қиындыққа тез көніп, өзімізге бекітілген техникамызбен әскери міндетімізді, Отанға берген антымызды адал орындадық.

Сөздің реті келгенде айта кетейін, 1964 жылдың мамыр айында әскери бөлім ұзақ жаттығудан кейін Куба дағдарысында мұхиттың арғы жағында мемлекеттік тапсырманы орындап, құпиясы ашылып, қайтқан ракеталарды залалсыздандыру, атып сынау және оны жою үшін «Капустин-Яр» атомсынақ полигонына келдім. Бір айдай әскери жаттығудан кейін мемлекеттік сынақтан өтіп, шілде айында өз бөлімшемізге қайта оралдым. Осы жаттығудағы еңбегімді бағалап, марапаттап, он тәулік еліме барып келуге демалыс беріп, СОКП мүшелігінің кандидаттығына қабылдап, ата-анам әскери бөлім командирі алғаш жолдаған болатын. Мені және басқа да кандидаттарды дивизияның саяси бөлім бюросына алып барды. Әр бөлімнен келгендер жүрегіміз дүрсілдеп, асқан қуаныш сезімімен өз кезегімізді күтудеміз. Ішке ену кезегі келді. Әскери тәртіппен киініп, барлық қол жеткен белгілерді кеудеде тағып, алпысыншы жылдардың басында қолдан-қолға тигізбей сүйіп оқитын жазушы Александр Бектің «Аральск» кітабындағы Бауыржан туралы оқыған кейбір бейнелерді еске алып, сарбазға тән шалт қимылмен есікті жұла тартып еніп, екі өкшемді сарт еткізіп, қаздырып тұра қалдым.

Мүмкін менің алдымда кіргендер мұндай рәсім жасамаған болар. Түкті кілем төселген атаптырым кабинеттің екі жағындағы орындықтарда отырған жоғары дәрежелі офицерлер мен төрдегі генерал, Түкті кілем төселген атаптырым кабинеттің екі жағындағы орындықтарда отырған жоғары дәрежелі офицерлер мен төрдегі генерал, оның алдында екі шендесінің назары маған ауып, шыбынның ызыны естілмейтін жағдайға тап болдым. Тыныштықты біздің бөлімнің партком хатшысы бұзды. Ол әскери тәртіппен рұқсат сұрап, мені СОКП мүшелігінің кандидаттығына қабылдаудағы бөлім партия комитеті бюросының

шешімімен таныстырып, оны бекітуді сұрады. Шамасы дивизия партия комитетінің хатшысы болу керек, қырықтын үш-төртеуіне шыққан, қызыл шырайлы, сирек шашты, кеудесінде Кеңес Одағы Батырының жұлдызы бар генерал «жақсы, жақсы» деп екі рет қайталады. Көгілдір көзінің жылуын барынша сездіріп,

АБАЙДЫ СҰРАҒАН ГЕНЕРАЛ

менің ұлттымы, әскерге дейін не істегенімді, әке-шешемді, елдің жағдайын сұрап, мағлұмат алды. Әкеміз соғысқа қатысқанын, оның Сталинград майданында ауыр жарақат алғандығын, қазір әскери мүгедек екендігін тілім жеткенше айтып бердім. Ол жауабыма риза болды ма, түрі бұрынғыдан да нұрланып, «сұра, сұраңдар» деп қасындағыларға қаралды. Бұрын генералдардың әскери жаттығу кезінде немесе шерумен өткенде көретінбіз. Оларға тікелей қарауға мұршабыз болмай, танаулап өтіп, жөнімізбен кететінбіз. Міне, бүгін аттары құлаққа айбынды естілетін үш генералдың алдында тұрмын, олар сұрақ беруде. Тау халқына ұқсас, мұрнының астында бармақтай мұрты бар генерал.

– Қазықтар Ұлы Отан соғысында жақсы соғысты, бұл жауынгер солардың ұлдары ғой, – деді өз сөзіне өзі жауап бергендей. Үстінде авиация әскери формасы бар генерал: – Мен, Николай Иванович, авиацияда болдым ғой. Біздің жау әскерлердің құрамында ол ағайындармен кездесіп тұрдық, – деп кешегі соғыс кезіндегі өмірлерін еске түсірді. Мен бұрынғыдай емес, етім үйреніп, өзімді еркін ұстап, отырғандарға көз жібердім. Әскери тәртіп дегендей, барлығы да байсалдылықпен генералдардың сөзін тыңдап отыр, ешқандай артық қимыл, сыбыр сөз естілмейді. Біздер бюроға дейін партия бағдарламасын, коммунизм құрылыстарының

моральдық кодексін жаттап алған болатынбыз. Ал СОКП тарихы мен партия съезіндегі мәліметтерді түнде тұрғызып сұраса да айтып беретін дәрежеге жеттік. Өз жағдайым мен дайындығымды жақсы білгендіктен, бағдарлама немесе моральдық кодекстен бір-екі сұрақ сұраса екен деп ішкімен ойлап қоямын. Бірақ жағдай олай

бастарын көтеріп, генералдың аузына қарап қалыпты. Сөзін одан әрі жалғастырды: – Жолдастар, ол – совет әдебиетінің алтын қорынан орын алған туынды. – Иван Михайлович, – деп қатарында төртінші отырған полковникке қарады. Жақында Мәскеуде саяси басқармада ұлт әдебиеттері мен кинофильмдерін әскери бөлімдер мен мәдени ошақтарға көптеп жіберу, ұлт мәдениеті мен әдебиеттерін оқып үйрену туралы арнайы мәселе қаралды. Бізде орыс тіліне аударылған ұлт әдебиеттері онша көп емес қой. Сондықтан да әскери кітап сауда арқылы «Абай жолы» романын алдырыңдар, барлық бөлімдердің қызыл бұрышында, оқу залдарында, кітапханаларында болсын, – деп тапсырма да беріп үлгерді.

– Кімде қандай сұрақ, ұсыныс бар? – деп өз жауабына өзі риза болғандай, бір шолып өтті. – Бөлім партия комитеті бюросының шешімі бекітілген! Мен СОКП мүшелігінің кандидаттығына өттім. Бозбала жастық шақтың қызуымен махаббат туралы, соғыс тақырыбына жазылған шығармаларға бой ұрып, осы тақырыптарға жазылған кітаптарды бір оқырмандай оқыған мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» мектептегі әдебиет хрестоматиясы көлемінен әрі қарай оқымағаныма өкіндім. Сол жылдың тамыз айында елге демалысқа келгенде аудан орталығында кітапханашы болып істейтін жөнелген романды өзімнен бірге Литва жеріне ала кетіп, сүйікті кітабыма айналдырдым.

Міне, содан бері 56 жыл өтті. Есейдік, ер жеттік, балалық шағалы болдық, ақсақалдық асуға да жеттік. Кезінде жантанымізбен қызмет еткен Кеңес мемлекеті тарап, келмеске кетті. Ұлы Абай, Мұхтар туралы жақсы мағлұмат берген генерал қазір бұл дүниеде жоқ болуы да мүмкін. Бірақ ұлыларды тек қана аудан әкімі Берік Сәрменбаевқа айналдырдым. Мұндай сұрақты осы жерде қояды деп үш ұйықтасам түсіме кірмеген, тез жауап бере алмай тұрып қалдым. Генерал маған құлды мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген Қосжанов Қайназар ағайға ұқсап кеткендей болды. Мен ойымды жинап алып жылдамдаға: – Оқыдым, жолдас генерал, – дедім. – Оны кім жазғанын білесің бе? – деп сұрағын жалғастырды. – Мұхтар Әуезов жазған, – дедім өз жауабыма риза болғандай генералдың жүзіне байыппен қарап. Ол менің жауабыма онша қанағаттанбағандай: – Заманымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов жазған. Ұлы ақын, философ, демократ Абай Құнанбайұлы өмір жолы арқылы жазушы ол өмір сүрген кездегі бүкіл қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік өмірі мен ұлттық салт-санасын, дәстүрін, бұрын оқырман қауым биле бермейтін жайын да жеткізе білген роман. Осы еңбегі үшін М.Әуезовке сталиндік сыйлық берілді. Қазір екі томдық «Абай жолы» романы Мәскеуде бірнеше тілге аударылуда, – дегенде бағаналдан бері салғырттау тыңдап, «бізге не қажеті бар» дегендей ойдағы офицерлер

Рысбай КӘРІМОВ, ҚР Журналистер одағының мүшесі, Жалағаш ауданының құрметті азаматы



ФРАНЦИЯДА ЖАППАЙ ТӘРТІПСІЗДІК ОРЫН АЛДЫ

Франция полициясы парламент сайлауынан кейін түнде басталған жаппай тәртіпсіздіктер мен дүрбелеңнің 25 белсендісін ұстады.

SHOT мәліметтері бойынша, наразылық білдірушілер қорған құрып, көше ортасына өрт қойып, жандармдарға отпашулар лақтырған. Полиция көшелерді жауып, бас көтерушілерге қарсы көзден жас ағызатын газ қолданды. «Реннада тіркелмеген және тыйым салынған демонстрация кезінде 25 адам ұсталды», деп хабарлайды полициядағы дереккөзге сілтеме жасап, Le Figaro басылымы. Мақала авторы Сент-Анн алаңында антифашистік ұрандар ұстаған бірнеше ондаған жастар болғанын айтады. «Известия» мәліметтері бойынша, Парижде демонстрациялар оңшылдар және солшылдар арасындағы қатығыстарға ұласқан.

ӘЛЕМДЕ ҚАУІПТІ МАСАЛАР ТАРАЙ БАСТАДЫ

Жәндіктер ғаламдық жылынуға байланысты көбейген. Олардың кесірінен әлемде тырысқақ ауруы тарап жатыр. Еуропалық ауруларды бақылау және алдын алу орталығының мамандары әлемде қауіпті ауру тарататын Aedes albopictus масалары көбейгенін мәлімдеді, деп хабарлады Financial Times басылымы.



Орталықтың хабарлауынша, 2023 жылы тырысқақ жұқтырғандар саны 2010-2021 жылғымен салыстырғанда 2 есеге өсіп, 130 жағдай тіркелген. Соңғы 7 жылда Францияда Зика вирусын жұқтыру деректері анықталыпты. Ал Италияда денге тырыспауына ұқсайтын чикунгуни дертін жұқтыру дерегі тіркелді.

Орталықтың бас сарапшысы Селин Госснер жәндіктердің көптеп тарауын климаттың өзгеруімен байланыстырды. Сонымен қатар бұған туризм мен сауданың дамуы да әсер етеді дейді.

ӘУЕЖАЙДА ЖОЛАУШЫЛАРДЫ ТЕКСЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ КҮШЕЙТІЛМЕК

Түркия парламенті әуежайлардағы жолаушыларды тексеру процесін күшейтетін азаматтық авиация туралы заңға енгізілген түзетулерді мақұлдады.

Осылайша, қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері терминалға кіре берісте және отырғызу аймағына кіре берісте жолаушылардың заттарын тексере алады. Тексеру ережелері жеке бағағға да, электронды құрылғыларға да қатысты. Егер жолаушы тексеру үшін заттарын беруден бас тартса, қызметкерлер оны әуежайға немесе ұшу аймағына жібермеуге құқылы. Тасымалдауға тыйым салынған заттар сол жерде тіркеленді. Парламент мақұлдаған түзетулер, егер ұшақ экипажы билікке ұшу кезінде борттағы бұзушылықтар туралы хабарламаса, 620 доллардан 15,6 мың долларға дейін айыппұл салады.

ӘЛЕМ ӘЙЕЛДЕРІ ҰЛАН-БАТЫРДА БАС ҚОСАДЫ

Биыл тамыз айында Моңғолия елінің астанасы Ұлан-Батыр қаласында әлем әйелдерінің конгресі өтеді. Бұл туралы бүгін ШЫҰ плюс отырысында Моңғолия президенті Ухнаагийн Хурэлсухан мәлім етті.

ШЫҰ плюс форматындағы отырыста Шанхай Ынтымақтастық ұйымына бақылаушы елдердің президенттері де сөз алып жатыр. Өз сөзінде Ухнаагийн Хурэлсухан дамудың жаңа деңгейіне бет алған Моңғолия жан-жақты ынтымақтастыққа дайын екенін хабарлады. «Жуырда Моңғолияда парламент сайлауы өтті. Қазір бізде жаңа үкіметті жасақтау процесі жүріп жатыр. Моңғолия бейбітсүйгіш және ашық мемлекет. Және тек қана екі жақты ғана емес, көп жақты ынтымақтастыққа ашық ел», - деді ол. Оңтайлы сәтті пайдалана отырып Ухнаагийн Хурэлсухан Моңғолияның атқарып жатқан саяси-гуманитарлық шаралары туралы айтты. Мәселен, ол атап өткендей, қазір Моңғолия миллиард ағаш егу туралы идеяны іске асырып жатыр. «Сонымен қатар, Моңғолия биыл тамыз айында БҰҰ аясында Ұлан-Батырда әлем әйелдерінің конгресін өткізеді. Оған бүкіл әлем елдерінің түрлі нәзік жандылары жиналады», - деп хабарлады ол.

«БЕСАРЫҚТАҒЫ» БАСТАМАЛАРМЕН ТАНЫСТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданына жұмыс сапарымен барып, «Бесарық» ауылының әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысты. Еске салсақ, өткен жылдың қорытындысымен бұл ауыл «Үлгілі елді мекен» байқауының жеңімпазы атанған еді.



Аудан әкімі Берік Сәрменбаев аймақ басшысын ауылдағы басқа да құрылыстармен таныстырды. №147 орта мектеп ғимараты 2020 жылы күрделі жөнделуден өткен. Бытырғы оқу жылында 23 оқушы бітіріп, 3-еуі «Алтын белгі» алды, 1 оқушы ҰБТ-дан 112 балл жинады. «Бөбе» балабақшасы 2007 жылы ашылған. Мұндағы 5 топта 120 бала тәрбиеленуде. «Бесарық» ЖШС-ның демалушылығы ғимарат сыртына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ облыс әкіміне ауылдық емхананы жай-күйі таныстырылды. Дәрігерлік амбулатория 1570 тұрғынға

амбулаториялық және күндізгі стационарлық қызмет көрсетеді. Онда ем-шара, химизатор, егу және дәрігерлер бөлмелері бар. Жедел жәрдем автокөлігімен қамтылған. Әрі қарай Нұрлыбек Машбекұлы ауылдың орталық алаңына барды. Демалыс аймағына «Абай-Дәулет» ЖШС 65 млн теңге қаражат бөлді. Алаң ортасына субұрқақ, «Ана бақыты» мүсіні орнатылған. Алдағы уақытта мұндағы орталық көшелер жанартылып, жол салынады. Аймақ басшысы серіктестіктің күріш алқабына барып, дақылды баптаған еңбеккерлердің жұмыс барысын көрді. Еске салсақ, биыл облыста негізгі дақыл – күріш 83,1 мың гектарға егіліп, суға бастырылды. Қазір ауыл шаруашылығы тауарондірушілері егістікті күтіп-баптауда. Аймақ басшысы аудан әкімі Берік Сәрменбаевқа бірқатар тапсырма берді. Ауылда салынатын әлеуметтік нысандардың құрылыс сапасын мұқият қадағалауды және тазалық, абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын күнделікті бақылауды міндеттеді.

ҮЙЛЕСІМДІ ЖҰМЫС ІЛГЕРІ БАСАДЫ

Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбетовтың төрағалығымен мәжілістің кеңейтілген отырысы өтті. Аудан басшысы алдымен облыс әкімінің жиналысында көтерілген мәселе – автожол саласын дамыту жұмыстарына тоқталды.

Биылғы жылы жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен барлығы 3,9 млрд теңге бөлінген болса бүгінгі күнге дейін сол қаржының 43,5 пайызы игерілген. Ал жылдың соңына дейін қалған қаржыны толығымен игеру жемісі тұр. Осы мәселені сын садағына алған аудан басшысы жауапты сала мамандарын мәселеге серік қарауға шақырды. Сондай-ақ ауданаралық жолдарды жөндеу жұмыстарының барысы туралы

тиісті сала басшыларының жауабын тыңдады. Жол мәселесіне қатысты индикаторлық көрсеткіштер көңіл көншітпейтінін айтқан аудан әкімі бұл мәселеде салыстырмалы көрсеткіш белгіленген межеге сай болуы керектігін тапсырды. Сонымен қатар осы мәселеге жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді. Келесі мәселе аудан аумағында орын алып жатқан жол көлік оқиғалары. Ағымдағы жылдың 6 айындағы көрсеткіш 8,3 пайызға төмендегенмен жергілікті бюджетке 5 адам қаза тауып, 16 адам түрлі дене жарақатын алған. Демек мәселеге әлі де серік қарау керек. Жыл басынан бері жол ережесін бұзғаны үшін 18 мопед жүргізушісіне әкімшілік шара қолданылса, кәуіпсіздік ережелерін сақтамаған 4 скутер жүргізуші жасөспірім тиісті жауапкершілікке тартылған. Аудан әкімі осы көрсеткіштерден туындайтын

мәселені ұдайы назарда ұстап, жол қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау керектігіне баса мән берді. Сондай-ақ жауапты сала мамандарына тапсырма жүктеп, Арал қаласынан мопед, скутерлердің жүруіне арналған арнайы жолақтарды салу бойынша арнайы ұсыныс әзірлеуді тапсырды. Мәжіліс барысында аудан әкімі жылу беру маусына дайындық барысын пысықтап, қыстың қамын жаз ойлау керектігін ауыл әкімдері мен жауапты сала мамандарына тапсырды. Әсіресе ауданда қатты отын қорының жеткілікті мөлшерде болуын назарға алып, осы мәселеде операторлармен келссөздерді осы кезден бастап жүргізу керектігін жеткізді. Жауапты кезеңде ешқандай мәселе туындамауы керектігін ескерген аудан басшысы осы бастан жылу беру маусымына дайындықты қатаң бақылауда ұстайтындығын айтты.

2024 жылы ауданда жаңадан 2 999 жұмыс орнын ашу жоспарланса, 6 айдың қорытындысымен 1 652 жұмыс орны ашылып, жоспар 55,1 пайызға орындалған. Оның ішінде, тұрақты жұмыстың ашылуы 39 пайызды құрайды. Демек жарты жылдың қорытындысы бойынша көрсеткіш әлі де көңіл көншітпейді. Осы мәселені назарға алған аудан әкімі ауыл әкімдеріне жұмысты жандандыру керектігін, сонымен қатар көрсеткіштер мен қолға алынған жұмыстар уақытылы дерекқорға енгізіліп отыру керектігін айтты.

Кезекті мәселе «Адал адам» тұжырымдамасының орындалу барысы. Осы жылы облыс әкімінің бастамасымен «Адал адам» рухани-мәдени орталығының тұжырымдамасы қабылданып, 7 бағыт бойынша түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. 6 айдың қорытындысымен тұжырымдама аясында ірілі-ұсақты 599 шара өткізілген. Бұл бағытта әлі де жұмыс істеу керектігін айтқан аудан әкімі мамандардың уәжін тыңдап, жыл соңына дейін мәселені толық шешуді тапсырды. Сондай-ақ нәтиже қатаң сұралатынын айтып, қала, кент, ауылдық округтердегі «Адал адам» орталықтарының жұмысына қатысты бақылау ұдайы назарда болатындығын жеткізді. Аудан әкімі А.Оңғарбетов мәжілісті қорытындылай келе «Таза Қазақстан» ауқымды акциясы аясында өтім беру сервисі іске қосылғандығын жеткізді. Платформаға еліміздің әрбір тұрғыны қала мен елді мекендердің экологиялық проблемаларын, жинақталған тұрмыстық қатты қалдықтарды суретке түсіріп, өз өтініштерін жолдайды. Алдағы уақытта өтініштерге шұғыл түрде кері байланыс орнатылуы керектігін жауапты бөлімге жүктеді.



08.07-14.07.2024

Токты

Бүгін серігіңізбен қарым-қатынасыңызды нығайтудың бірегей мүмкіндігіне ие боласыз. Ашық сөйлесіңіз, серігіңізге ілтипат көрсетіңіз. Оның талап-тілегін тыңдаңыз. Ол өз кезегінде сізге қамқорлық көрсетеді. Бүгін өзіңіз үшін жұмыс істеуге жақсы күн. Бұрыннан алып келе жатқан жобаларды немесе жаңа идеяларды жүзеге асыра аласыз.

Торпақ

Достарыңыздан көмек сұраудан ұялмаңыз. Оларда сізге жетіспей тұрған нәрселер болуы мүмкін. Шыдамды болыңыз және отбасы мүшелерімен тіл табысуға тырысыңыз. Қамқорлық пен қолдау көрсетіңіз, бірақ басқалардың көңілінен шығу үшін өзіңізді құрбан етпеңіз. Бұл келісім мен үйлесімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Егіздер

Достарыңызды ұмытпаңыз: сіз оларды жоғалтып алуыңыз мүмкін немесе олармен ешқашан кездеспеуіңіз мүмкін. Олардың өмірінен хабардар болыңыз, оқиғаларды бақылаңыз. Олар болашақта сізге өте пайдалы болуы мүмкін. Бүгін сіздің отбасыңыз жағамды тосынсыялар мен қызықты бастамалардың қуасі болуы мүмкін. Жақын адамдарыңыздан жаңа бастаманыңа қолдау көрсетуін сұраңыз.

Шааян

Қол астыңыздағы қызметкерлермен немесе бөлім басшыларымен оқу жиналысын өткізіңіз. Бұл оң нәтиже береді. Оны видеоға түсіріп, келіспеушілікті бақылаңыз. Бүгін сіз өзіңіздің ішкі дауысыңызды, интуицияңызды тыңдауыңыз керек.

Арыстан

Достармен татуласу үшін кездесу кезінде алдымен бейтарап тақырыпта сөйлесіңіз: отбасы және демалыс. Оз нұсқаныңызы ұсыныңыз және басқа адамдардың қалауын тыңдаңыз. Тексеруден өтіп, емделіңіз. Жаздың екінші айында дененізге шамадан тыс салмақ түсірмеңіз. Анемияның асқыну қаупі бар.

Бикеш

Жақындарыңызға бүгін маңызды істеріңіз бар екенін хабарлаңыз. Әріптестер мен достар оны оң қабылдайды және түсінеді. Бүгін сіз отбасыңызға уақыт өткізуге көңіл бөлсеңіз, олармен сөйлесуге уақыт табысыз. Олармен теңіз жағасындағы демалысты жоспарлаңыз.

Таразы

Әріптестердің тосын сыйы мен жаңа бастамасына дайын болыңыз. Сіз айдың басында басқа адаммен танысып, жақсы қарым-қатынас құрасыз. Қонаққа баруға қолайлы күн: мейрамханадағы кешкі аста, үйдің кешкі аста немесе жана десерт басында отбасыңызбен бірге уақыт өткізіңіз – бұл күн сізге ұнайды және есте қалады.

Сарышаян

Бүгін қиын күн болады, бірақ тұтастай алғанда достықты нығайтағын өзара тиімді күн болады. Қарт адамдармен және достармен қарым-қатынаста жаңа мүмкіндіктер мен жақсы жоспарлар пайда болады. Осы серпінді өміріңізді жақсы жаққа өзгерту үшін пайдаланыңыз. Беделіңізді жоғалтпау үшін мәселенің шешімін өзіңіз іздеуге тура келеді, оған дайын болыңыз. Ол үшін мұқият ойлану керек.

Мерген

Кәсіби орлеу тамаша нәтиже әкеледі, кәсіби салада жаңа жоспарлар пайда болады, бұл сізді мақсатыңызға жетуге ынталандырады. Белсенді өмір салты мен жаттығудың арқасында күн жақсы өтеді. Мамандардың кеңесін тыңдаңыз, әсіресе жарақаттанып қалудан абай болыңыз.

Тауешкі

Достарыңыз бен отбасыңызға көбірек көңіл бөліңіз. Қоңырау шалуға қолыңыз тимей жүрген болуы мүмкін. Бәлкім отбасыңыздағы біреу жұмысын, қызмет саласын ауыстырғысы келеді немесе басқа қалаға көшкісі келетін шығар. Оларға өз арманын орындауға мүмкіндік беріңіз. Олардың шешімін құрметтеуге және жобалары мен жаңа бастамаларына қаржылық қолдау көрсетуге дайын болыңыз.

Сукуйғыш

Қарым-қатынасқа қатысты кез келген мәселені шешуде бастаманы өзіңіз көтеріңіз немесе ортақ хобби мен қызығушылық табыңыз. Балаларыңызбен ата-ана тәрбиесі және оқу туралы сөйлесіңіз – тәртіп сақтау, жауапкершілік алу және т.б. Бұл әңгіме сізге де, сіздің балаларыңызға да пайда әкеледі.

Балықтар

Үзіліс жасаныз, жақын адамдарыңызға кеңес беріп шаршамас үшін оларға ересек болуға мүмкіндік беріңіз. Қабырғаға мотивациялық фотосурет іліп, оны жұмыс күнін жоспарлауда немесе маңызды тапсырмаларды шешуде нұсқаулық ретінде пайдаланыңыз.

БАСТЫ СҰРАҚ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ МӘМС-КЕ ТӨЛЕГЕН АҚШАСЫ ҚАЙДА САҚТАЛАДЫ

Азаматтардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға төлеген жарналары мен аударымдары қайда сақталатыны және бағытталатыны қазақстандықтарды жиі қызықтырады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры оған толық жауап дайындады.

Барлық жарналар мен аударымдар Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің арнайы шотына түседі, ал сол жерден халыққа көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу үшін медициналық ұйымдарға жіберіледі.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Занда (21-бап) Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры инвестициялық қызметті Қордың активтерін (МӘМС қаражатын) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы қаржы құралдарына орналастыру жолымен жүзеге асыратыны көрсетілген. Бұл ретте Қор мен Ұлттық Банк арасында сенімгерлік басқару шарты жасалады.

Ол қалай жасалады? Ұлттық Банк артылған ақшаны (МӘМС есебінен көрсетілген медициналық қызметтерге төленгеннен кейін қалатын ақша) қаржы құралдарының бекітілген тізбесіне сәйкес қатаң түрде бағалау қағаздар мен депозиттерге орналастырады. Бұл инвестициялық табыс алуға, яғни МӘМС жүйесінің

жинақталған активтерінің сомасын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Олар өз кезегінде тек медициналық қызметтерге ақы төлеуге бағытталады және Қордың қажеттілігіне жұмсалмайды. Осы ретте Қор МӘМС қаржысын өз еркімен орналастырмайды. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2017 жылдан бері жинақталған МӘМС активтерінің қалдығы 933 млрд теңгені құрады.

2024 жылдың төрт айында Қорға 441 млрд теңге МӘМС жарналары мен аударымдар түсті, оның ішінде 42 млрд теңге сомасына инвестициялық табыс алынды. Бұл ретте медициналық көмекке ақы төлеуге жұмсалған шығыстар 354 млрд теңгені құрады. Осылайша, 2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қор активтерінің қалдығы – 1020 млрд теңге.

Ұлттық Банк МӘМС активтерінің бұл қаражатын Ұлттық Банктің қысқа мерзімді депозиттеріне (медициналық көмектің ағымдағы төлеміне жіберіледі) – 171 млрд теңге, орта және ұзақ мерзімді облигацияларға – 108 млрд теңге және мемлекеттік бағалы



қағаздарға 741 млрд теңге сомасында орналастырды.

Бұл жүйеге және пациенттерге қандай мүмкіндіктер береді?

2023 жылы алынған инвестициялық табыс 113 млрд теңгені құрады, яғни МӘМС пакетінің бюджетіне қосымша 113 млрд теңге түсті. Айта кету керек, 2022 жылмен салыстырғанда инвестициялық кіріс 1,6 есе өсті. Бұл қаражат МӘМС-тің қалған активтерімен бірге 2024 жылдың басында медициналық ұйымдармен 2024 жылға жасалған шарттар бойынша 30% мөлшерінде аванс төлеуге бағытталды.

МӘМС қаражатын тиімді сақтау үшін бұл тегі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнаманы бекіту кезінде қаланды және жүйенің сақтандыру, оның ішінде жыл сайын көрсетілетін медициналық қызметтердің санын ұлғайтуға және қазақстандықтар үшін медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Айта кетерлігі, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржы-шаруашылық қызметі және МӘМС активтері бойынша жыл сайын тәуелсіз аудит жүргізіледі. Жыл қорытындысы бойынша қаржылық есептілік ҚР Қаржы министрінің депозитарийінде және Қордың ресми сайтына орналастырылады. Сондай ақ Қор ҚР Үкіметінде және ҚР Үкіметінің шоғырландырылған есептілігі шеңберінде ҚР Парламенті депутаттарының алдында үнемі есеп береді.

ЖАРЫЛҒЫШ МАТЕРИАЛДАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ КЕЗІНДЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ

ҚР ИДМ 30.12.2014 ж. № 343 бұйрығымен бекітілген «Жарылыс жұмыстарын және өнеркәсіптік максаттағы жарылғыш материалдармен жұмыс жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету» қағидасына сәйкес:

Жарылғыш материалдарды пайдаланудың жалпы тәртібі және негізгі ережелері.

Осы қағидалар жарылыс жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жарылғыш материалдармен жұмыс істеу тәртібін анықтайды. Жарылғыш материалдарының айналдыруы қатысты және пайдаланатын өндіріс үшін кәсіпорын жергілікті жағдайларды ескере отырып, жарылғыш материалдардың қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету туралы технологиялық регламент, өндірістік бақылау туралы ережесін және аварияларды жою жоспарын әзірлейді.

Жарылыс жұмыстарын жүргізу және жарылғыш материалдарын сақтау кезінде қауіпсіз қашықтықтарды анықтау тәртібі.

Жарылыс жұмыстары өндіріс кезінде адамдарға арналған қауіпсіз қашықтық жобаман немесе паспортпен белгіленеді. Қауіпсіз қашықтық әр түрлі зақымдау факторларының ең жоғарғысына сәйкес қабылданады. Жарылыс жұмыстары кезінде ғимараттар мен құрылыстардың бүлінбеуіне, қалыпты жағдайда жұмыс жасауына, сейсмикалық кері әсерін болдырмауға жарылғыш заттың қажетті мөлшері қабылданады. Жер бетінде бірнеше жарылғыш материалдардың нысандары (қойма, ашық алаңдар, ЖЗ дайындау және жасау пункті) орналасқанда, олардың арасында нысандардағы жарылғыш материалдарды жару кезіндегі детонациялық қозғалыстың берілмеуін қамтамасыз ететін ара қашықтық сақталып, қауіпсіз ара-қашықтық осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес анықталады. Адамдарды, ғимараттарды, құрылыстарды талқандау және бұзу әсері бар ауа толқынынан қорғау үшін жарылу қаупі бар жерлерді (жарылғыш материалдарды сақтау), қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қашықтық,

қауіпті аймақтар осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес белгіленеді. Бұл ретте қауіпсіз қашықтықты жарылыс орындарына, жарылғыш материалдар қоймасына, жарылғыш заттарды сақтау алаңына, бастамашы құралдар және ату жару аппараттары орнына, жарылғыш материалдар құралдарының тиеспетіріу, тоқтау орындарына және басқа осындай нысандарға сәйкес анықтайды. Ашық жерлердегі жарылыс жұмыстары кезіндегі қауіпсіз қашықтық осы Қағиданың 2-қосымшасындағы жарылыс жұмыстарының түрлері мен әдістері кестесінде көрсетілген шамадан кем болмай қабылданады.

Ерлан МҰРАТУЛЫ,
ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібіндегі, магистральдық құбырларды және жарылыс жұмыстарын мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы

Ақжар ауылдық округі әкімінің 2024 жылдың III-тоқсанындағы азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау кестесі

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ақжар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тұрсынбаева Нұржамал Бектайқызы	Ауыл әкімі	Сәрсенбі күні сағат: 15.00-18.00	Ақжар ауылы, Ораз-ахун көшесі, 14 үй	2-70-01
Ақжар ауылдық округі әкімі аппаратының сенім телефоны: 2-70-01					

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 26-39-64 сенім телефоны жұмыс жасайды.

Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысының 2024 жылдың III-тоқсанында жеке азаматтарды қабылдау кестесі

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Құндақбаев Бостан Шегебайұлы	Бөлім басшысының міндетін атқарушы	Апта сайын, сәрсенбі жұма күні сағат 17.00-19.00	Жосалы кенті, Көшпербаев көшесі № 34 үй	2-31-08

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС
Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш Өли
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/РҮ00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001:2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 7 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсын көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №156

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/